

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 тамыздағы N 755 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Бауыржан Әлімұлы Мұхамеджановқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2006

жылғы

9

тамыздағы

N

755

қаулысымен

мақұлданған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттама I. Жалпы ережелер

А. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Бауыржан Әлімұлы Мұхаметжанов және Америка Құрама Штаттары Үкіметінің атынан АҚШ Елшісі Джон М. Ордвей Меморандумның және осы Қосымша хаттаманың шарттарына сәйкес ағымдағы жобаларды қолдау мақсатында 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік

туралы меморандумға өзгерістер енгізуге келіседі.

В. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі төменде сипатталған жобалар шеңберінде Қазақстан Республикасына қосымша көмек үшін 680000 АҚШ долларын ұсынады. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі осы Қосымша хаттаманың шарттарына сәйкес Америка Құрама Штаттары Үкіметінің басқа органдары арқылы Қазақстан Республикасына ақшалай қаражат бөлу жолымен тиісті оқытуды және ж а б д ы қ т ы ұ с ы н а д ы .

С. Осы Қосымша хаттамада көзделген ақшалай қаражат мыналарға бағытталған төрт бағдарламаға қолданылады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақшаны жылыстатуды бақылау жөнінде ж ә р д е м к ө р с е т у ;

2) Қазақстан Республикасында қылмыстық статистика саласында, әсіресе АҚШ Мемлекеттік департаменті Есірткіге қарсы халықаралық күрес және заңдылықты сақтау жөніндегі бюросының (INL) бағдарламаларында көзделген және Қазақстан Республикасы Үкіметі есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте қол жеткізген прогрестерге байланысты статистика мен салаларда жинау және есеп беру мүмкіндіктерін ж е т і л д і р у ;

3) Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының адамдарды саудаға салуға байланысты қылмыстарды тергеу және қылмыстық қудалау жөніндегі қабілеттіліктерін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының көрсетілген органдары мен Қазақстан Республикасынан адам сатудың құрбандары баратын елдердің тиісті билік органдары арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

4) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Сот сараптамасы орталығы) заңсыз есірткі құралдарын сәйкестендіру және қадағалау жөніндегі мүмкіндіктерін жетілдіру.

Д. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі тарапынан осы жобаларды қолдау үшін қабылданатын іс-әрекеттер және ұсынылатын ресурстар төменде белгіленген және егер бірлескен келісімде өзгеше көзделмесе, оларды қол қоюшы тараптар міндеттемелер ретінде қабылдайды.

Е. Осы жобалар бойынша одан әрі қаражат бөлу Америка Құрама Штаттары Конгресінің жыл сайынғы мақұлдауына және қорларының қаражат бөлуіне, сондай-ақ оларды Америка Құрама Штаттары мемлекеттік хатшысының есірткі бизнесіне қарсы күрес және заңдылықты сақтау мәселелері жөніндегі орынбасарының бекітуіне байланысты.

II. Жобалардың сипаттамасы, мақсаты мен оларды бағалау

А. Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-әрекет жасау жөніндегі жоба (200000 АҚШ д о л л а р ы) :

1) жобаның сипаттамасы:

бұл жоба Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 шілдедегі N 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттаманың жалғасы болып табылады. Америка Құрама Штаттарының Ішкі қауіпсіздік департаменті Құқық қорғау органдарының федералды оқу орталығы (FLETC) және Америка Құрама Штаттары Қазынашылық департаментінің Техникалық жәрдемдесу бюросы (ОТА) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Қаржы полициясы академиясы аясында қаржылық қылмыстарды тергеу әдістерін практикалық зерделеуді қоса алғанда, ақшаны жылыстатуға қарсы күрес мәселелері бойынша семинарлар сериясын өткізеді. Оқытуға Қазақстан Республикасының экономикалық және қаржы қылмыстарды тергеуді жүргізумен, экономикалық қызметті қаржылық мониторингтеумен, сондай-ақ экономикалық және қаржылық тергеуді жүргізу жөніндегі органдар жүргізетін қызметті қадағалауды жүзеге асырумен айналысатын барлық органдары қатыса алады.

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі техникалық кеңесшілердің ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жасау бойынша, ақшаны жылыстатуға қарсы күрес мәселелеріне байланысты заңнама бойынша консультациялық қызмет көрсетуді, сондай-ақ Қазақстанда қаржы мониторингі органын құру жөнінде техникалық жәрдем көрсетуді, сондай-ақ өңірдегі басқа мемлекеттердің және қаржылық барлаудың басқа да ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қызмет органдарымен өзара іс-әрекет жасасуды қажетті үйлестіруді жүзеге асыруды және басқа мемлекеттердің заңсыз кірісті заңдастыруға қарсы күрес мәселелерінде жинақталған неғұрлым алдыңғы қатарлы тәжірибесін, сондай-ақ осы салада қолданыстағы халықаралық стандарттар мен талаптарды зерделеуде жәрдем көрсетуді жалғастырады;

2) нұсқаушыларды және материалдарды:

Құрама Штаттардың Ішкі қауіпсіздік департаменті Құқық қорғау органдарының федералды оқу орталығы, Қазынашылық департаменті Техникалық жәрдемдесу бюросы және қажеттілігіне қарай басқа көздер ұсынады;

3) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

нұсқаушыларды және қажетті оқу материалдарын ұсынуға;
техникалық кеңесшілерді ұсынуға;

Америка Құрама Штаттары Үкіметінің және олардың қазақстандық әріптестерінің техникалық кеңесшілерінің екі жақты шешімі бойынша қажетті жабдық ұсынуға;
ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жасау мәселелері бойынша Орталық Азияның басқа елдерімен үйлестіруді жүзеге асыруға міндеттенеді;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

о қ у ү й - ж а й л а р ы н ұ с ы н у ғ а ;
қ о л д а б а р о қ у ж а б д ы қ т а р ы н ұ с ы н у ғ а ;

курстың талаптарына жауап беретін және олар туралы ақпарат курс басталғанға дейін 15 күн бұрын ұсынылуға тиіс оқытудан өтуге үміткерлердің тізімімен қ а м т а м а с ы з е т у ғ е ;

жалпы сипаттағы мәселелер бойынша және Қазақстан Республикасына тән бағыттағы мәселелер бойынша семинарлар үшін нұсқаушылармен қамтамасыз етуге м і н д е т т е н е д і ;

5) жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша б а ғ а л а н а д ы :

Қаржы полициясы академиясын осы курстарды ұсынатын тарап ретінде де, сондай-ақ алушы тарап (тәуелсіз сарапшылардың анықтамасы бойынша) ретінде де Академияның курстарды өткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей жабдықтау;

техникалық сарапшылар оқытқан студенттердің Америка Құрама Штаттарының Үкіметі ұйымдастырған курстарда алған білімді көрсететін оқу бағдарламасын жазуы;

алдыңғы практикамен салыстырғанда 2006 жылы тіркелген ақшаны жылыстатуды қылмыстық қудалау жөніндегі істер санын ұлғайту (статистиканы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу к о м и т е т і ұ с ы н а д ы) ;

қ а р ж ы м о н и т о р и н г і о р г а н ы н к ұ р у ;
6) б а ғ а л а у :

(III тарауды қараңыз. Бағалаудың жалпы жоспары).

В. Қылмыстық статистиканы жинақтауды жетілдіру жөніндегі жобаны жалғастыру (2 1 0 0 0 0 А Қ Ш д о л л а р ы) :

1) бұл жоба Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетімен (бұдан әрі - Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитеті) бірлескен 2005 жылғы жобаның жалғасы болып табылады. Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар және құқық бұзушылықтар жөніндегі мемлекеттік құқықтық статистиканы жинауды жетілдіру осы жобаның мақсаты болып табылады. Жобаның қаражаты Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің бөлімшелерін жаңғыртуға арналған шығыстарды өтейтін болады.

Жобада есірткі қылмысы туралы мемлекеттік құқықтық статистика мен арнайы есепке алуды жинақтауды жетілдіру мақсатында Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитеті 2006 күнтізбелік жыл ішінде өткізетін келешектегі өңірлік оқу конференцияларын, сондай-ақ Қазақстандағы есірткі қылмысының жай-күйі туралы жыл сайын жинақ шығаруды қаржыландыру да көзделеді;

2) нұсқаушылар және материалдар:

нұсқаушылар мен материалдарды INL тарапынан қаржыландыру болған жағдайда

Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитеті ұсынатын болады;

3) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

қаржыландыруды ұсынуға;

компьютерлік жабдық сатып алуды және оны Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің аумақтық органдарына жеткізуді ұйымдастыруға;

сұрау болған жағдайда техникалық консультация беруді ұсынуға міндеттенеді;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің бөлімшелерін жарактандыруға қажетті компьютерлік жабдық пакетін әзірлеуге;

аумақтық құқықтық статистика және арнаулы есепке алу органдарының қызметкерлері мен мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысатын есірткі қылмысы туралы мемлекеттік құқықтық статистиканы жинақтау жөнінде үш өңірлік оқу конференциясын өткізуді ұйымдастыруға;

конференциялар басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей өңірлік оқу конференцияларына қатысушылардың атқаратын лауазымдары көрсетілген тізімін беруді қамтамасыз етуге;

2006 жылы республикадағы есірткі қылмысының жай-күйі туралы жинақты жариялауға және таратуға міндеттенеді;

5) жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

аумақтық органдарды тез арада жарактандыру және оларды Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетімен электрондық байланыспен қамтамасыз ету;

ұстау, тұтқынға алу, есірткіні алып қою мен олардың контрабандасы санына және Есірткіге қарсы халықаралық күрес және заңдылықты сақтау жөніндегі бюро бағдарламасының тиімділігін белгілеуге байланысты өзге де ақпаратқа қатысты статистикалық деректерді тоқсан сайын қалыптастыру;

қылмыстық-статистикалық деректерді жинақтау және ұсыну жөніндегі үш өңірлік конференцияны ойдағыдай өткізу;

2007 жылғы наурыздан кешіктірмей 2006 жылғы елдегі есірткі қылмысы туралы жинақты жариялау және тарату;

6) бағалау:

(III тарауды қараңыз. Бағалаудың жалпы жоспары).

С. Полицияның, прокурорлар мен судьялардың адамдарды саудаға салуды тергеу және сот тәртібімен қудалау жөніндегі кәсіби қабілеттілігін жетілдіру жөніндегі жоба (150000 АҚШ доллары):

1) бұл жоба үш бөліктен тұрады:

INL белгілі бір облыстардың полиция, прокуратура қызметкерлері мен судьялары үшін Қазақстан шегінде жүзеге асырылатын, сондай-ақ адамдарды саудаға салу құрбандары ел аумағына әкелінетін және одан әкетілетін жағдайларда адамдарды

саудаға салуға байланысты істерді табысты тергеудің және қылмыстық қудалаудың қажетті техникасы жөнінде оқытуды ұсынады. Жабдықтар қажеттілігіне қарай ұсынылады. INL сондай-ақ полицияның, прокуратураның болашақ қызметкерлері мен болашақ судьялар үшін тергеу жүргізу, құрбандармен жұмыс істеу техникасының және басқалардың қажетті деңгейі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету үшін қазақстандық университеттердің профессорлық-оқытушылық құрамы үшін конференциялар және/немесе дөңгелек үстелдер ұйымдастырады;

Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйыммен және/немесе INL-дің басқа да тиісті ұйымдарымен және институттарымен бірлесіп, заңгерлер, тергеушілер, прокурорлар және судьялар үшін адамдарды саудаға салу мәселелері жөніндегі бар заңнаманы жақсартуға және оны халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруге бағытталған курстар ұсынады;

INL Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен ынтымақтаса отырып, Израильдің, Оңтүстік Кореяның және қажетіне қарай басқа елдердің тиісті ресми адамдарымен байланысты дамытады. Байланыс орнатудың мақсаты Израильде, Оңтүстік Кореяда және қажетіне қарай басқа да елдердегі адамдарды саудаға салу құрбандарының ізіне түсу және кері қайтару болып табылады;

2) оқытуды АҚШ Үкіметі және басқа да тиісті институттар ұсынады;

3) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

нұсқаушылар мен оқу материалдарын ұсынуға;

осы бағдарламаға байланысты сатып алуды ұйымдастыруға;

қазақстандық нұсқаушылардың көліктік шығыстарын және жүріп-тұру шығыстарын өтеуге;

осы қызмет бұл жобаның мақсаттарына жауап беретін мөлшерде адамдарды саудаға салуға қарсы күрес саласында басқа елдердің қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға міндеттенеді;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

оқу бағдарламаларын өткізетін орынды өтеусіз ұсынуға;

адамдарды саудаға салуға қарсы күрес жөніндегі қазақстандық заңнама саласында білікті нұсқаушылар ұсынуға;

курстың талаптарына жауап беретін және олар туралы ақпарат курс басталғанға дейін 15 күн бұрын ұсынылуға тиіс оқытудан өтуге үміткерлердің тізімімен қамтамасыз етуге;

профессорлық-оқытушылық құрам тыңдаушыларының факультеттің оқу жоспарында адамдарды саудаға салуға байланысты қылмыстарға тиісті назар аударуға мүмкіндік беретін жоспар әзірлеуін қамтамасыз етуге;

оқыту курстарын өткен адамдардың оқыту жүргізіліп жатқан өңірлерде адамдарды саудаға салу туралы істерді тергеуді және сот тәртібімен қудалауды жетілдіру жөніндегі жоспар әзірлеуін қамтамасыз етуге міндеттенеді;

5) жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады :

адамдарды саудаға салушыларды тұтқынға алу және сот тәртібімен қудалау санын арттыру ;

заң факультеттерінің оқу жоспарларына адамдарды саудаға салу мәселелері бойынша толықтырулар жасау және әсіресе конференциялар және/немесе дөңгелек үстелдер өткізілетін институттарда форумдар өткізу;

Қазақстанның мемлекеттік органдары мен Израильдің және Оңтүстік Кореяның, сондай-ақ (өзара уағдаластық бойынша) басқа да елдердің тиісті билік органдарымен бағдарламаны іске асырудың бір жылы ішінде адамдарды саудаға салудың кемінде бес құрбанын анықтау және Қазақстанға репатриациялау мәселелері бойынша еркін және ашық өзара іс-қимылды орнату ;

курстан өткен адамдардың және осындай курстар өткізілетін өңірлерде адамдарды саудаға салу жөніндегі істерді тергеуді жүргізуді және қылмыстық қудалауды жақсарту жөнінде жоспарлар әзірлеуі ;

халықаралық стандарттарға жауап беретін адамдарды саудаға салуға қарсы күрес жөніндегі заңнаманы қабылдау ;

6) бағалау :

(III тарауды қараңыз. Бағалаудың жалпы жоспары).

D. Сот сараптамасы орталығын жабдықтармен жарақтандыру жөніндегі жоба (1 2 0 0 0 0 А Қ Ш доллары) :

1) бұл жоба Сот сараптамасы орталығының Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі зертханасын сұйық хроматографпен, зертханалық жабдықтармен және тиісті оқытумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Зертхананың есірткіні сәйкестендіру саласындағы мүмкіндіктерін жақсарту осы жобаның мақсаты болып табылады, бұл өз кезегінде Орталық Азияда дәлелдер жинау және есірткі трафигін талдауды жүргізу деңгейін жақсартуға ықпал етуге тиіс;

2) оқытуды ұйымдастырумен байланысты материалдар мен сатып алуды Америка Құрама Штаттарының Үкіметі қамтамасыз етеді;

3) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

сот сараптамасын жүзеге асыру үшін алдыңғы қатарлы жабдықтарды ұсынуға; жобаны жүзеге асыруға байланысты сатып алу бойынша қызмет көрсетуге; оқытуды ұйымдастыруға міндеттенеді;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

курстың талаптарына жауап беретін және олар туралы ақпарат курс басталғанға дейін 15 күн бұрын ұсынылуға тиіс оқытудан өтуге үміткерлердің тізімімен қамтамасыз етуге ;

оқытуды өткізу үшін үй-жай ұсынуға;

алынған есірткіні талдауды жүзеге асыру кезінде жабдықтардың тиімділігін көрсететін ақпаратты ұсынуға міндеттенеді;

5) жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

зертхананы есірткіні сәйкестендіру процесін жүзеге асыруды жақсартуға ықпал ететін сұйық хроматографпен және зертханалық жабдықпен қамтамасыз ету;

зертханаға осы жоба шеңберінде ұсынылған жаңа жабдықты пайдалануға байланысты сабақ өткізу;

зертхана ұсынған, алынған есірткіні сәйкестендіру және талдау жөніндегі жабдықты пайдалану тиімділігін көрсететін статистикалық және талдамалық деректердің болуы;

6) бағалау:

(III тарауды қараңыз. Бағалаудың жалпы жоспары).

III. Бағалаудың жалпы жоспары

А. Жоғарыда аталған жобалардың әрқайсысын бағалау кезінде тараптар:

1) осы Қосымша хаттамаға қол қойылған сәттен бастап кемінде үш айда бір рет:

талқылау сәтінде қол жеткізілген табыстарды;

жобаларды жетілдіру немесе оған өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды талқылау үшін кездесуге;

2) қаралып отырған кезеңде жобаның табыстылығын бағалау үшін қажетті барлық ақпаратты ұсынуға;

3) жобаларға алдыңғы өзгерістер қаншалықты табысты екенін талдауға;

4) осы кезеңдегі жағдай бойынша әрбір жобаға, сондай-ақ жобаларды табысты іске асыру үшін нені жасау керек екендігіне қысқаша жазбаша баға беруге келіседі.

В. Әрбір жобаның қорытынды кезеңінде INL және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері болашақтағы жобалардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жетістіктер мен олқылықтарға егжей-тегжейлі сипаттама бере отырып, әрбір жобаны толық бағалауды жүргізеді.

IV. Қорытынды

Осы Қосымша хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және өзінің қолданылуын осы Қосымша хаттамада көзделген барлық міндеттемелер орындалғаннан кейін тоқтатады. Бастапқы Өзара түсіністік туралы меморандумның барлық басқа шарттары қолданылатын болады.

Қазақстан Республикасы, Астана қаласында 2006 жылғы "___" _____ қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндердің заңды күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Америка Құрама Штаттарының
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК